№ 28-ОД от 18.04.2023

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

_____ № _____

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

город Атырау

«Де Люкс Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің таратушы желілер арқылы суды беру реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасына, 8-бабының 10) және 12) тармақшаларына, 20-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту ережесінің 313-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 1 мамырынан бастап қолданысқа енгізіле отырып, «Де Люкс Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің:

1) Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылына таратушы желілер арқылы суды беру реттеліп көрсетілетін қызметіне орташа босату тарифі – 134,51 теңге/м3 (ҚҚС-ны есепке алмағанда) мөлшерінде;

2) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылына таратушы желілер арқылы суды беру реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтік сметасы бекітілсін.

2. «Де Люкс Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылына таратушы желілер арқылы суды беру реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф пен тарифтік сметаны қолданысқа енгізілген күннен бастап он екі айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментіне оларды қайта қарауға өтініммен жүгінсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

000013

Министерство национальной экономики Республики Казахстан - Рзагалиев А.С.
Дата: 18.04.2023 16:41. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.16.2. Подписано ЭЦП

комитетінің интернет-ресурсына орналастырсын және Де Люкс Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Атырау облысы бойынша департамент басшысының орынбасары Н. Дюсемалиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың 2023 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағын қоспағанда, осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы **Ә. Төлеп**

Согласовано
18.04.2023 12:11 Қабленова Құндыз Сәкенқызы
18.04.2023 12:14 Ермуратова Алмагул Ержигитовна
18.04.2023 12:44 Дюсемалиева Наталья Маратовна

Подписано
18.04.2023 15:54 Төлеп Әлібек Абдуманапұлы

Министерство национальной экономики Республики Казахстан - Рсалиев А.С.

КӨШІРМЕ ДҰРЫС